

ŞÜĞYLA-RADUGA

№30 (6361), 12 сәуір 2024 жыл

Газет 1966 жылдың 1 шілдесінен бастап шығады



ЗАРДАП ШЕККЕН АЙМАҚТАРҒА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖӨНЕЛТІЛДІ

→ 2



ДӘРИГЕРЛЕР ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫН ӨТКІЗДІ

→ 3



ЖАҢСҮГІРОВ ЖАРЫСЫНЫҢ ЖҮЙРІКТЕРІ АНЫҚТАЛДЫ

→ 4

АКЦИЯ

ТАЗА ҚАЗАҚСТАН – ТАЗА ӨЛКЕ

Жуырда Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев су тасқыны болмаған аймақтардың әкімдеріне аумақтарды абаттандыру, көгалдандыру жөнінде бірқатар тапсырма берді. Президент аталған мәселеге айрықша назар аударып, әкімдерге тазалық айлығын жүйелі түрде жүргізуді жүктеді.

Нұрасыл СУЛТАНБАЕВ

Көктемгі көгалдандыру, тазарту жұмыстарына тұрғындар мен еріктілерді тарту керегіне де тоқталған Қасым-Жомарт Кемелұлы елді мекендер мен қоғамдық демалыс орындарын күтіп-баптау әкімдердің қызметін бағалаудағы бір өлшем болатынын жеткізді. Президент тапсырмасында әкімдер қалалардың, аудандардың келбетін көрікті жағдайда ұстау мәдениетін енгізуі керегін де ескертті.

«Таза Қазақстан» экологиялық акциясы ауданда да сәтті жүзеге асуда. Акцияның алғашқы күні аудан әкімі Ерлан Қыдыралыұлы орталық алаң маңындағы саябаққа көпшілікпен бірге ағаш отырғызды. Игі іске аудан әкімдігінің бөлім, мекеме-ұйым басшылары мен қызметкерлері, ардагерлер және жастар қатысты.

«Газалық табалдырықтан басталады» демекші, қоршаған ортаның тазалығына жауапкершілікпен қарау – әрбір азаматтың міндеті. Туған жерімізді, туған өлкемізді аялау, оны қадірлеу – ортақ іс. Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес республика көлемінде «Таза Қазақстан» экологиялық акциясы басталды. Науқан бес аптаға созылады. Оның аясында әр аптада бекітілген тақырыптар бойынша аумақтарды абаттандыру және көгалдандыру жұмыстары жүргізіледі. Осыған орай көктемнің жаймашуақ күнін тиімді пайдаланып, аудан орталығы мен ауылдардың ажарын арттыратын абаттандыру жұмыстарын тиісті деңгейде



атқаруымыз керек. Осы игі іске барлығымыз жұдырықтай жұмылғанмыз жөн, – деді Ерлан Қыдыралыұлы.

Бұл күні мекеме қызметкерлері өздеріне тиесілі жерді ретке келтірді. «Атадан мал қалғанша, тал қалсын» деген сипатты сөзді санаға түйген ақсақалдар мен жастар 20 ардагердің ауласына 50 жеміс, 50 сәндік ағаш екті.

Аға буын мен кейінгі ұрпақ сонау ата-бабадан жеткен еңбек дәстүрін осылай дәріптеп, ұрпақтар сабақтастығын паш етті. Ізгілік жолы барлық елді мекендерде жалғасты.

Биыл аудан аумағында 5000 ағаш көшеттерін отырғызу жоспарланса, осы уақытқа дейін 3257 ағаш отырғызылды. Егілген ағаштардың 350-і арша, 350-і туя, 227-сі қораз, 1800-і қарағаш.



ЖАСЫЛ ЕЛ

ЖАСТАР МАУСЫМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ТАРТЫЛДЫ



«Жасыл ел» жалпыұлттық жобасы 2005 жылдан бері жүзеге асырылып келеді. Бұл – жастар арасындағы ең танымал жобалардың бірі. Жоба аясында жас қазақстандықтар елді мекендерді көгалдандыруға қатысып, еліміздің экологиялық жағдайын жақсартуға үлес қосып жатыр. Бұл жоба еңбекке баулып қана қоймай, жастарды ортақ идеялар төңірігіне топтастырады.

Нұрперзент ТУҒАНБАЙ

Осы орайда таяуда ауданда «Жасыл ел» маусымдық жұмысының ашылу салтанаты өтті. Шарада облыс әкімдігі жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Жомарт

Зұлпыхар және аудандық «Жастар ресурстық орталығының» директоры Жандар Тоқсаба жобаның мән-маңызын түсіндіріп, игілікті іске жастарды тарту мәселесін алға тартты.

Бұл күні еңбекқор, табиғатты аялай білетін студент жастар мен уақытша бос жұмыссыз жүрген жастар маусымдық жұмысқа қабылданды. Бағдарламаның басты мақсаты

– табиғатты қорғау, экологияны сақтау ғана емес, сонымен қатар, жастардың еңбекке деген құлшынысын арттыру. Жастардың күшімен елімізді көгалдандырып, елді мекен айналасын жасыл ағаштармен көмкеру, көркейту жастардың Отанға, табиғатқа деген махаббатын іс жүзінде көрсетуіне ерекше мүмкіндік беру. «Жасыл ел» жастар еңбек жасақтары – экологиялық жобалар мен мемлекеттік бағдарламаларды іске асыру арқылы жастарды маусымдық жұмыспен қамтуға, қалалар мен елді мекендерді көгалдандыруға, абаттандыруға, патриоттық тұрғыда тәрбиелеуге бағытталған жалпыұлттық қозғалыс.



СОТ КАБИНЕТІНІҢ ХАЛЫҚҚА ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

→ 2

ТАЛАП ПЕН ТӘРТІП

ІШКІ ТАЛДАУДЫ САПАЛЫ ЖҮРГІЗУДІ ТАПСЫРДЫ

Облыс әкімі Ербол Қарашөкеевтің төрағалығымен құқық бұзушылық профилактикасы жөніндегі ведомстваралық комиссия отырысы өтті.

Жиында сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бағытында қабылданған шаралар, жүргізілген мониторинг барысы және сыртқы талдаулардың қорытындысы талқыланды.

Күн тәртібіндегі мәселе бойынша облыс әкімі аппараты басшысының орынбасары Ерлан Байболат, Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің облыс бойынша департаменті басшысының бірінші орынбасары Дәурен Омаров баяндама жасады.

Ербол Қарашөкеев басқарма басшылары мен қала, аудан әкімдеріне сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында ішкі талдауды сапалы жүргізіп, анықталған тәуекелдерді уақтылы жоюды тапсырды. Сондай-ақ, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мақсатында профилактикалық жұмыстарды күшейту қажеттігін атап өтті.

Басқосу барысында жол-көлік оқиғаларының алдын алу, жолдағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері де қаралды.

Облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Құрмет Мажикенов ағымдағы жылдың үш айында жол-көлік оқиғаларының арқанын жеткізді. Талдау көрсеткендей, елді мекендердегі жергілікті маңызы бар және көше жол желісінде жол-көлік оқиғалары жиі тіркелуде.

Жиын барысында облыс әкімі полицияның материалдық-техникалық базасы нығайғанына қарамастан жол-көлік оқиғаларының көрсеткіші артып келе жатқанын атап өтті. Ішкі істер органдары тарапынан жұмыстардың тиісті дәрежеде жүргізіліп жатқандығына назар аударған Ербол Қарашөкеев аталған мәселенің алдын алу мақсатында жол-көлік оқиғалары жиі орын алатын учаскелерге жіті зерделеу жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі.

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

ШЕШЕНДІК ӨНЕР – АСЫЛ ҚАЗЫНА

Нұрперзент ТУҒАНБАЙ

Халқымыз ертеден-ақ бірлікке ұйып, береке тапқаны бабалардан қалған өсиеттерде де айтылады. «Іргесі берік елді жау ала алмас, аузы бір елді дау ала алмас» деген. Бүгінгі қоғамда дауласқанды жауластырмай, бітімгершілікке шақыратын медиацияның алар орны айрықша. Осы мақсатта «Ардагерлер ұйымы» республикалық қоғамдық бірлестігі филиалдарының қатысуымен және әр деңгейдегі соттардың тікелей ықпал етуімен жер-жерде билер кеңестері құрылып, жұмыс істеуде. Нәтижесінде республикалық «Ардагерлер ұйымы» қоғамдық бірлестігі мен ҚР Жоғарғы соты өзара ынтымақтастық туралы келісімге қол жеткізді. Бұл тұрғыда қоғамдық бірлестіктің Орталық кеңесі «Дәнекер» пилоттық жобасын жасап, ережесін бекітті. Жобаның көздегені де медиация тәртібін басшылыққа алып, дау-жанжалды шешуде қазақ билерінің тәжірибесіне сүйеніп, елді бірлікке, ынтымаққа шақыру.

→ 2

ЖАЗЫЛЫМ-2024



6 айға – 2299,62 теңге,

РЕДАКЦИЯ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУ БАҒАСЫ:

6 айға – 1400 теңге,



KASPI.KZ АРҚЫЛЫ ЖАЗЫЛУҒА БОЛАДЫ.

Жазылым индексі 68991

ЖАЗЫЛЫМ БӨЛІМІ:

☎ 2-17-98, 8 747 659 42 68

Соңы. Басы 1-бетте

ШЕШЕНДІК ӨНЕР – АСЫЛ ҚАЗЫНА



Осы үдеріс аясында ұлттық құндылықтарды жаңғырту мақсатында 2018 жылы аудандық ардагерлер кеңесі жанынан құрамы 7 адамнан тұратын билер кеңесі құрылған болатын. Билер кеңесінің құрамына ел ішінде беделді, абыройлы, ақыл-парасаты мол, біліктілігі зор, өмірлік тәжірибеге ие ардагерлер тартылды. Олар даулы мәселелерді мүмкіндігінше бейбіт жолмен шешіп, екі жақты бәтуаластыруға қабілетті екендіктерін танытуда.

Жуырда аудандық орталық кітапханада «Шешендік өнер – асыл қазына» тақырыбында «дөңгелек үстел» отырысы өткізіліп, қазақ халқының дәстүрлі шешендік сөздері, халық жүрегінде сақталған құнды мұралары мен асыл қазыналарымыз жас ұрпаққа кеңінен насихатталды.

Қоғам өміріне қатысты үлкен мәселелерді қамтыған жиынға облыстық билер кеңесінің төрағасы Онласын Есіркепов, төраға орынбасары Талғат Жұмабек, аудан әкімдігі ішкі саясат бөлімінің басшысы

Бакытжан Құтжан және жастар қатысты.

Ұрпағымызды шешендік өнерге баулуға, әлбетте, өз ана тіліміздің киесіне арқа сүйемесек болмайды. Ол үшін ең алдымен, шешендік өнердің қайнар көзі біздің ұлтымыздан да бастау алатынын мақтаныш етуіміз керек. Майқы, Төле, Қазыбек, Әйтеке, Есей билер бастаған Байсерке, Шағырай, Байдалы, Сырым шешендер дала академиясының аспанына туралықтың туырлығын тігіп, әділдіктің ақ туын қадап, қара қылды қарғанын жұрт көкейіне тоқытқаннан ұтпасақ, ұтылмаймыз. Ежелден келе жатқан мұндай аталы дәстүріміз – шешендік өнерді қайта қалпына келтіруге жағдай туғызып, жана талап, жана мақсат-мұратқа сай игілігімізге айналдырып, ұрпақ тәрбиелеу ісіне, жарқын болашақ, келергісіз келешек мүддесіне пайдалануымыз ауадай қажет. Келелі кездесуде қозғалған ой мен пікірлер осы тілекке ұштастырылды.

Аудандық билер кеңесінің төрағасы Батырбек Саршаев ашып, жүргізген жиында облыстық

билер кеңесінің төрағасы Онласын Есіркепов «Шешендік өнер – асыл қазына», аудандық ардагерлер кеңесінің мүшесі Сәрсен Күзәрбаев «Шешендік өнер – ата-баба аманаты», Б.Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері Самал Байкеева «Сөз – серкесі шешендік», Айнұр Меркібаева «Шешендік өнер және көркем әдебиет», Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, қоғам белсендісі Сансызбай Махамбетқұлов «От ауызды, орақ тілді шешендер» аудандық «Шұғыла-Радуга» газетінің бас редакторы Нұрасыл Сұлтанбаев «Қазақтың шешендік сөздерінің халықтық сипаты» атты тақырыптарды кеңінен ашып, баяндамалар жасады.

Қатысушылар арасында пікір алмасулар мен талқылауларға ұласқан қызықты әрі тағалымды басқосуды аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Бакыт Сырлыбаев қорытындылады.

Жиын соңында қатысушыларға аудандық билер кеңесінің Алғыс хаттары табыс етілді.

ҚАНЫШ СӘТБАЕВ – 125

ТАНЫМДЫҚ ЛЕКЦИЯ ӨТТІ

Тарих еншісіне айналған ұлы тұлғалар, олардың ұлағатты өмірі қазіргі ұрпақ үшін мерей-мәртебе ғана емес, ең бастысы ұлттың мәдени-рухани деңгейінің тарихи көрсеткіші, халық өресінің бедерлі айғағы ретінде де сан жылдар бойы қызмет ете береді.

Айдана ҚУАТОВА

Олардың алтынға айырбасталмайтын еңбегі – рухани қазына, өмір жолдары – өнеге. Ойткені, ұлы тұлғалардың өзі тарих еншісіне айналғанымен, олардың өнегелі өмірі бүгін мен болашаққа қызмет етеді. Қазақ халқының бүгінгі мен болашағының мақтанышы да, қызметшісі де болып тарих төрінен орын алған біртуар тұлғалардың бірегейі – Қаныш Сәтбаев. Оның адам ретіндегі қасиет-болмысы парасаттылық пен кемелдіктің



үлгісіндей болып ұрпақ жадында сақталса, ол тындырған ұлан-ғайыр істер Қазақстанды тарихи дамудың жаңа сапалы белесіне шығарып, ғылымы мен экономикасының тұғырын бекемдеп берді. Қаныш Имантайұлы сияқты қиямет заманның оты мен суын белшесінен

кешіп, қияпат кезеңнің ызбары мен ызғарын басынан өткізіп, сол заманы мен кезеңі бетін берсе таспай, сыртын берсе саспай, қашанда халқының қамын өмірінің мағынасы деп белін тағдыры күрделі тұлғаның ғұмыры барша қазақ үшін зор мақтаныш әрі үлгі.

Биыл ұлт мақтанышы, қазақ елінің қазына байлығын ашушы, Қазақстан ғылым академиясының негізін қалаушы әрі тұңғыш президенті, алғашқы академик Қаныш Сәтбаевтың туғанына 125 жыл толды. Осыған орай аудандық тарихи-өлкетану музейінде «Дара тұлға» атты танымдық лекция өтті. Ғалымның еңбек жолы мен өмір жолы жайында мол мағұлмат берілген шараға мектеп оқушылары қатысты. Олар Қаныш Сәтбаевтың білім беру, музыкалық мұралары, ғылыми мұралары, мәдени-тарихи мұралары туралы толыққанды біліп, көкейдегі сұрақтарын қойды. Сонымен бірге ғалымның отбасылық фотосуреттерінен ұйымдастырылған көрмені қызықтады.



ҚОЛЖЕТІМДІ СЕРВИС

Заманауи ақпараттық технологияларды енгізу, ақпараттық жүйелерді пайдалану сот әділдігінің тиімділігі мен қолжетімділігін қамтамасыз етеді, сондай-ақ сот әділдігін жүзеге асыруда сыбайлас жемқорлық көріністерін жоюға ықпал етеді.

СОТ КАБИНЕТІНІҢ ХАЛЫҚҚА ТИІМДІЛІГІ ҚАНДАЙ?

Сот әділдігіне қолжетімділікті көтеруде сот жүйесі, бірінші кезекте сотпен қарым-қатынас жасауда қолданылатын құралдардың қарапайым пайдаланушыға ыңғайлы және түсінікті болуы тиіс деп есептейді.

Жеке және заңды тұлғаларға ыңғайлы болуы үшін аталған құралдар Жоғарғы соттың және облыстық, сонымен қатар аудандық және оған теңестірілген соттардың интернет-ресурсында топтастырылып, жинақталған. Осы жүйелердің әрқайсысының

тарихын қарап, сот актісін басып шығара алады және аталған істің процессуалдық мерзімдерін де қарай алады.

Электрондық қызметтің бұл түрінің бір артықшылығы, арызды жолдауға 3-5 минут қана уақыт жұмсалады. Соттың кеңсесіне арызды өткізу үшін бару, кезекте тұру, сотқа жүгінушілердің уақытымен қатар, қаржылық жағынан да көп пайдасы бар. Яғни шығындардың азаюына септігін тигізеді.

«Сот кабинеті» арқылы арыз немесе шағым берген азамат



қызметі мен тиімділігі туралы келесідей мәліметтерді алуға болады. Интернет-ресурсындағы қолжетімді сервистердің бірі – «Сот кабинеті» сервисі.

«Сот кабинеті» – бұл сот органдарының онлайн сервисіне және көрсететін қызметтеріне қол жеткізетін жалғыз терезе. Осы арқылы азамат, оның өкілі немесе адвокаты өзіне ыңғайлы кез келген уақытта, үйден, кеңседен шықпай-ақ интернет желісі арқылы арыз (жүгіну), апелляциялық және кассациялық шағымдар, өтініш, қарсы талап арыз, сот отырысының хаттамасына ескерту және тағы да басқаларды электрондық түрде жібере алады. Мемлекеттік бажды онлайн режимінде төлеп, сот құжатын, сондай-ақ істің бүкіл

оның тіркелгені туралы талон және SMS-хабарлама алады. Бұл аталған сервисіне «Сот кабинеті» мобильдік қосымшасы арқылы да қол жеткізуге болады. Кезекті сот отырысының болатын уақыты, орны және күні туралы ақпарат тараптардың ұялы телефонына SMS-хабарлама ретінде, істің қаралуы туралы ақпарат push-хабарлама түрінде түседі, сонымен қатар, қосымшаны қолданушылар мәтінді хабарламамен алмаса алады. Бұл мүмкіндіктер тараптардың шығындарын қысқартып қана қоймай, істердің қаралу мерзімін де қысқартуға мүмкіндік береді.

Гүлнар ЕСКРАЕВА,
аудандық сот әкімшісінің
басшысы.

ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ ҚАҒИДАТТАРЫ

ЗАРДАП ШЕККЕН АЙМАҚТАРҒА ГУМАНИТАРЛЫҚ КӨМЕК ЖӨНЕЛТІЛДІ

Су тасқынынан жапа шеккен аймақтарға гуманитарлық көмек жөнелту ісі жалғасын табауда. Осыдан біраз күн бұрын Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев тасқын салдарынан қалыптасқан күрделі ахуалға байланысты Үндеу жариялап, зардап шеккен азаматтардың барлық мәселесі назардан тыс қалмайтынын айтқан болатын. Үндеуге үн қосып Жамбыл жұртшылығы да шама-шарқынша Батыс Қазақстан облыстарына гуманитарлық көмек жіберуді жалғастыруда.

Нұрперзент ТУҒАНБАЙ

Күні кеше аудан аумағындағы өндіріс орындары мен білім беру мекемелерінің, шаруа қожалық төрағаларының, аудан әкімдігінің бөлім, мекеме-ұйым қызметкерлерінің ауызбіршілігінің арқасында азық-түлік, киім-кешек, құрал-саймандар

молынан жиналып, қарғын судан жапа шеккен аймақтарға жөнелтілді. Игі істен аудан тұрғындары да шет қалып қатқан жоқ.

Қиын жағдайға тап болған отандастарымызға сын сағатта көмек қолын созып, гуманитарлық көмек жіберіп жатқан азаматтарға Алла тағала күш-қуат берсін. Бірлігі бекем қазақ халқы бұл қиындықты да еңсереді.



СЕМИНАР

МЕДИАЦИЯНЫ ДАМУДАҒЫ МАҢЫЗЫ ЗОР

Медиация – қатысушылар өздерінің қақтығыстарын бейтарап үшінші тараптың (медиатордың) көмегімен шешетін процесс. Бұл, әрине, арнайы кәсіби дайындықты қажет етеді.

Айдана ҚУАТОВА

Таяуда осы тақырып төңірегінде оқу семинары өткізілді. Ауданның жауапты мамандары, құқық саласы мен психология мамандары ұйымдастырған шара облыс әкімдігі ішкі саясат басқармасының қолдауымен өткізілді.

Оқыту курсының тыңдаушыларына арналған бағдарламада отбасылық қатынастар процесінде туындайтын мәселелер мен оларды шешу мақсатындағы нақты жұмыс жағдайлары ұсынылды. Басқосуда айтылған ақпараттар легі түрлі қиын жағдайларды алдағы уақытта саналы әрі сауатты түрде күрделілігіне қарамастан шешуге мүмкіндік береді. Сондай-ақ тыңдаушылармен бірлесіп, келісу комиссиясының жұмысы бойынша құжаттарға: келісу комиссиясының жұмысы туралы келісімдерге, шешім үлгілеріне, ҚР



Еңбек Кодексінің жаңа талаптарына сәйкес хаттамаларға және басқа құжаттарға талдау жасалды.

Оқыту семинарының мақсаты қатысушыларға медиация саласында жан-жақты теориялық және практикалық білім беру болып табылады. Сонымен қатар, отбасында, еңбек қызметі кезінде медиация рәсімін іске асыру қысқа мерзімде жанжалға қатысушылар арасында өзара түсіністікке қол жеткізуге және болашақ ынтымақтастыққа

бағытталған шешім табуға мүмкіндік береді.

Сындарлы семинар барысында тек теориялық білім ғана емес, сонымен қатар оқытушының (жаттықтырушының) басшылығымен топтық жұмыстар жасалып, медиативті көмек көрсету кезіндегі әрекеттер пысықталды.

Шара соңында өзекті тақырыпты қамтыған оқыту семинарына қатысып, білімдерін жетілдірген қатысушыларға сертификат табысталды.

ҚОҒАМНЫҢ ҚОЗҒАУШЫ КҮШІ

ЖАСТАРҒА РУХАНИ БЕТБҰРЫС КЕРЕК



мен жұмыстар жүргізілуде. Жастарға арналған мәдени-спорттық үйірмелер жұмыс жасайды. Атап айтар болсақ, эн, би, домбыра, асық ату және волейбол ойынынан үйірмелер бар. Оған қатысатын жастар да аз емес.

Сонғы онжылдықта әлемде зорлық-зомбылыққа бейім депрессияға ұшыраған жасөспірімдер саны артты. Жасөспірім – бұл ерекше эмоционалды осал топтың жасы. Отбасы мен қоғамның алдында әдеттегі тәрбиенен тыс міндет тұр – ол рухани құндылықтарға үйрету, жасөспірімдер мен жастардың рухани-адамгершілік саласын дамыту. Ауылда түрлі тақырыптағы кездесулер мен «дөңгелек үстел» отырыстары, кеңес беру алаңдары үзбей өткізілінімен, жастар арасында құқық бұзушылық пен кибербуллинг, лудомания деген белең алып келеді. Бұл – қазіргі таңдағы жастардың үлкен мәселесі. Онымен күрес те жүріп жатыр. Тіпті психолог маман мен заңгердің кеңестері де беріледі. Құқық бұзушылықтың алдын алу бойынша рейдтер, учаскелік инспекторлармен кездесулер, жұмыссыз жастарға

Құндылықтары біртіндеп ауыса бастаған бүгінгінің сыры мен жырын ұғу, «заман солардікі» дейтін жастардың да бағыт алған жолын, ұмтылған мақсатын, қол созған асқарын біле жүргіміз келетіні рас. Қазіргі қоғамда болып жатқан терең әлеуметтік-экономикалық өзгерістер бізді Қазақстанның болашағы, оның жастары туралы ойлауға мәжбүр етеді. Жас ұрпақты руханиятсыздық, сенімсіздік, агрессивтіліктен арылуымыз керек. Соның салдарынан балалар қылмысы да жиілеп кетті. Осы тұрғыда мектеп оқушыларын тәрбиелеу өзекті мәселе болып тұр.

Қай уақыт болмасын, балаларға адамгершілік тәрбие берілді әрі оны адамдар жоғары бағалайды.

Бүгінгі қоғамға теориялық және практикалық ғылыми білімі ғана емес, сонымен бірге адамгершілік мәдениеті бар адамдар қажет. Қазіргі



Бірлескен тірлік жастардың бойынан рухани сүйіспеншілік, мейірім, жанашырлық, адалдық, әділдік пен төзім секілді ізгі қасиеттеді оятуға сеп болмақ. Адамның рухани әлеуеті неғұрлым жоғары болса, дененің табиғи қорғанысы соғұрлым күшті болары анық.

Жасөспірімдермен жұмыс істей жүріп олардың рухани мәселелерді талқыламайтынын байқадым. Олар материалдық істерге, тек өз тәжірибелеріне қызығушылық танытады. Менің ойымша, біздің қоғам қазіргі уақытта рухани-адамгершілік дағдарысты бастан кешуде. Қалыптасқан жағдай – қоғамдық санада және мемлекеттік саясатта болған өзгерістердің көрінісі. Осыған байланысты балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі бүгінгі таңда қоғам мен жалпы мемлекет алдында тұрған негізгі проблемалардың бірі саналады.

Жасөспірімдермен жұмыс істей жүріп олардың рухани мәселелерді талқыламайтынын байқадым. Олар материалдық істерге, тек өз тәжірибелеріне қызығушылық танытады. Менің ойымша, біздің қоғам қазіргі уақытта рухани-адамгершілік дағдарысты бастан кешуде. Қалыптасқан жағдай – қоғамдық санада және мемлекеттік саясатта болған өзгерістердің көрінісі. Осыған байланысты балаларды рухани-адамгершілікке тәрбиелеу мәселесі бүгінгі таңда қоғам мен жалпы мемлекет алдында тұрған негізгі проблемалардың бірі саналады.

әлемде оқушы шамадан тыс ақпараттар легімен танысады. Сәйкесінше ненің моральдық, ненің жай материалдық жағдай үшін екенін біле бермейді. Бұл, әрине, бәрине топырақ шашу емес.

Ерназар ауылдық округінде 443 жас бар. Олармен көптеген іс-шара

кеңес беру алаңдары, мемлекеттік бағдарламаларды түсіндіру жұмыстары, сыбайлас жемқорлықтың алдын алу бойынша іс-шаралар, тазалық жұмыстары тұрақты әрі дәстүрлі түрде жүріп отыр.

Бұрынғы жастар интернет пен техника дамымаған заманда кітап оқып, театрға барған, ән-күймен әуестенген. Мәдениет пен рухани байлықпен сусындады. Ал бүгінгі ғылым мен техника заманы «ұзын арқан, кең тұсаудың» өзімізге, болашағымызға кері әсері барын дәлелдеді.

Бірлескен тірлік жастардың бойынан рухани сүйіспеншілік, мейірім, жанашырлық, адалдық, әділдік пен төзім секілді ізгі қасиеттеді оятуға сеп болмақ. Адамның рухани әлеуеті неғұрлым жоғары болса, дененің табиғи қорғанысы соғұрлым күшті болары анық.

Дилафруз ШЕХБАЕВА,
Ерназар ауылдық округінің жастармен жұмыс жөніндегі маманы.



ТӘЖІРИБЕ

Жуырда облыс әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының басшысы Жанар Оспанованың тапсырмасына сәйкес облыстық көпбейінді аурухананың бас дәрігері Марат Жұманқұлов бастаған дәрігерлер тобы ауданға арнайы келіп, емханада шеберлік сыныбын өткізді.

ДӘРІГЕРЛЕР ШЕБЕРЛІК СЫНЫБЫН ӨТКІЗДІ

Айдана ҚУАТОВА

Топ мүшелері әуелі күндізгі бөлімде ем қабылдап жатқан науқастармен тілдесіп, емхана жұмысымен танысты. Одан кейін ішкі талдау-зерттеу, зерделеу жұмыстарын жүргізіп, тұрғындардың денсаулығы мен медициналық қызметтің қолжетімділігіне назар аударды.

Бұл күні анестезиолог-

реаниматолог, невропатолог, кантамыр хирургы, ангиохирург, ревматолог, кардиолог, эндокринолог, кардиохирург дәрігерлер тұрғындарды шағымы бойынша қабылдап, ақыл-кеңестерін берді.

Жиынды қорытындылаған Марат Жұманқұлов ауылдарда медициналық қызметтің қолжетімділігін арттыру, медициналық-стационарлық қызметтің сапасын дамыту мақсатында шеберлік сыныбы алдағы уақытта да жалғасын таба беретіндігін жеткізді.



АБАЙ БОЛЫҢЫЗ!

САҢЫРАУҚҰЛАҚТАН УЛАНЫП ҚАЛМАЙЫҚ!

Биыл жауын-шашынның мол болуына байланысты қырдың құмына қаулап шығатын саңырауқұлақтарды адамдар теруге жиі шығады. Саңырауқұлақ – халықтың көбі сүйіп жейтін бағалы азық-түлік.



Дегенмен, оның жеуге жарамдысымен қатар, улысы да кездеседі. Улылардың ішінде тез әсер етіп, ажал құштыратын болса, жай әсер ететіндері бауыр, бүйрек сияқты өмірлік мөні зор ағзаларды зақымдайды. Саңырауқұлақты теруге барғанда оны жақсы айыра білетін адамдардың болғаны жөн. Ажырата білмеген жағдайда саңырауқұлаққа қызықпаған дұрыс.

Уланған кезде білінетін клиникалық белгілер: жүрек айну, құсу, іштің бүріп ауыруы, өтуі, қол-аяқтың тырысуы, көз қарашығының кішіреюі, тершендік, сілекейдің

көп ағуы, барған сайын сандырақтау, галлюцинация пайда болады. Егер кез келген адамда саңырауқұлақ жегеннен кейін осындай белгілер пайда болса, тез арада дәрігерге көріну керек. Дәрігерге бармас бұрын, асқазанды, ішекті жылы сумен, сода немесе марганец ерітіндісімен жуған жөн.

Ғабит ӘБДІЛДА,
аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы.

НАШАҚОРЛЫҚ – ҚОҒАМ ДЕРТІ

ЕСІРТКІ ЕСТІ АЛМАСЫН

Есірткіге әуестік көп ретте жастардың білместігінен басталады. Әсіресе жасөспірімдер қоршаған ортасының кері әсеріне иланғыш келеді. Топтық психология, еліктеушілік, бірге жүрген топ ішінде біреуі есірткі дәмін тарқан болса, уақыт өткен соң топтың барлық мүшесі есірткіге әуестенеді. Кейіннен нашақорлар басқаларды есірткіге әуестендіруге әрекет жасайды.

Негізі, нашақор – еңбек етуге дәрмені жоқ адам. Ол есірткіге көбінде ұрлықпен, ата-аналарына өтірік айтып ақша алумен және басқа да құйтырқы, заңсыз жолдармен барады. Ата-анасы аukatты жасөспірімдерді есірткіге әуестендіруді, соның арқасында өзінің қамын жасауды мақсат тұтады. Оның жасөспірімдер тобына қосылуының себебі де сол. Ол алдымен есірткінің жеңіл түрін, яғни наша шегуді немесе ес ауыстыратын дәрі ішуді ұсынады. Еліктегіш жастар дәм татады, бірі қызық көруді қаласа, екіншісі басқалардан қалмауға, үшіншісі өзін ересек көрсетуге тырысады. Бара-бара олар нашақорға, есірткінің құлына айналады.

Есірткінің ерекшелігі сол, адам оның дәмін бір-ақ рет татқаннан кейін әуес болады. Бір рет дәмін татсаң, нашақор болмайсың, өмірдің кереметін



көресің, қиындықтардың барлығын ұмытасың, ләззат аласың, жаның тыныштық табады деген сөздерге арбалады. Өзінің нашақор болғанын білмей де қалады. Нашақорлықтың ауыр әрі емделуі қиын індет екенін кеш түсінеді. Өкініштісі, кейбір есірткіні қабылдаған соң артынша көз жұмып жатады.

Қанат МҮСАХАНОВ,
Айшабиби ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы.

ИЛИЯС ЖАНСҮГІРОВ – 130

Жансүгіров жарысының жүріктері анықталды



Илияс Жансүгіров 1894 жылы бұрынғы Қапал уезі, Ақсу болысында (бұрынғы Талдықорған облысы, Ақсу ауданы) дүниеге келген. Хат танытын, шағатай тілдеріндегі кітаптарды жинайтын, аңыз-ертегілерді, батырлық жырларды, тарихи оқиғаларды, әңгіме-шежірелерді жақсы білетін, көкірегі ояу, көзі қарақты, әртүрлі өнерді ұстаған әңгімеші, домбырашы, ұста, көшелі Жансүгір анасынан ерте қалған Илиясты жетімсіретпей, еркелетіп, жақсы үлгі көрсетіп, тәрбиелеп өсіреді.

Айдана ҚУАТОВА

Халқымыздың құт-береке дарыған, ежелден ақындық, батырлық, даналық мекені Жетісу өлкесінің перзенті Илияс көкірегіне жас күнінен бастап ән мен жырдың, өлең мен күйдің небір асыл нұсқалары уялаған. Табиғатынан дарынды жаратылған зерек бала ел даналығы дариясында еркін жүзіп, уызға жарып, асыл байлықты бойына сіңіре білген.

Өз үйінде, әкесінен хат таныған, одан соң молда алдын көрген Илияс біраз уақыт Қарағаш деген жердегі татар үлгісіндегі мектепте оқып, әртүрлі пәндерден сабақ алады. Бұдан кейін тұрмыс жағдайы билеп, шаруа күйтеп, тіршілік қарбаласына араласып кетеді.

Жастық қиял, арман толқулары, ауыл көріністері, табиғат суреттері оның жүрегіне қозғап, тіліне ұйқасты сөздер оралып, өлең шығара бастайды. Күнде көріп жүрген айт пен тойдағы өлең-жыр, айтты, жыршылар төгіліп айтатын қисса қанша қызық болғанымен, оның жас қиялына ерекше әсер етіп, орасан зор ықпал жасаған Абайдың шығармалары еді. Әуелде дос-жаран, құрбы-құрдасты әзілдеген қалжың, сықақ өлеңді табанда ауызша айтып тастайтын, өзі де ақындар айтысына түсіп кететін албырт Илияс Абайдың данышпан поэзиясымен танысқаннан кейін ақындық өнерге басқаша қарайды. «Оған шейінгі көрген, оқыған әдебиетімнің бәрін Абай кітабы жоққа шығарғандай болды. Ойым ояна бастады. Қанбай, қайта-қайта оқи беретін болдым. Өзімде біртүрлі сергектік, сілкініс, жүрегім де жаңалық сезгендей болды», – деп жазады кейін Илияс «Қысқаша өмірбаяным» атты еңбегінде.

Жас ақынның сұлулық мұрағатарының орнығуына, көркемдік талғамының қалыптасуына, өлең мәдениетін игеруіне Абай поэзиясының ықпал жасауы – оның әдеби тағдырындағы бақыттылық, айта қаларлықтай эстетикалық құбылыс, дәстүр жалғастығын көрсететін жайт. Ел қазынасы, халық фольклоры өкілдері тәжірибелерінің сабақтары мен жазба әдебиеті үлгілері ақын тәжірибесінде жаңа келісім тауып, өзіндік арна іздей

бастайды. Алғашқы өлеңдерден-ақ болашақ іргелі ақын Илиястың стиль өрнегі, қаламгерлік дара тұлғасы айқындалады. Құйылған сөз тасқыны, эпикалық кеңдік, теңеу, метафора эпитет, грация, эпифора, анафора байлығы оның поэзиясының негізгі белгілері бола бастайды. Лирикалық, пәлсафалық толғау, ұзақ сюжетті шығармалар қатар жазылады. Өз бетімен тірнектеп жинаған білімнің аздығын, түртінектеп оқыған кітаптардың мардымсыздығын қатты сезе бастаған Илияс, қайтсе де жүйелі түрде оқымақ болып, 1920 жылы Алматыға келіп, үш айлық мұғалімдер курсына бітіреді. Артынан Ташкенттегі Қазақ ағарту институтының жанындағы қысқа мерзімді курста бес-алты ай оқығаннан кейін, денсаулығының нашарлауына байланысты аулына қайтады.

Алғашқы өлеңдері «Тілші», «Кедей еркі», «Лениншіл жас» газеттерінде, «Жаңа мектеп», «Әйел теңдігі» журналдарында жарияланады. 1927 жылы «Беташар» атты үгіт өлеңі, 1928 жылы «Сағанақ» деген тұңғыш кітабы шығады. Халықтың қалың ортасынан қайнап шыққан қажырлы таланттың мол, өнімді еңбегінің берекелі жемістеріне таң қаласың.

Илияс Жансүгіровтің есімі туған ел әдебиетінің тарихында Гималайдай зәулім биікте танылды. Сондай-ақ, оның Құлагердей дүлдүл ақындығы поэзия «бәйгесінде» әманда алда келіп, Абай мұрасындай мәңгі жасамақ. Илияс 1927-1938 жылдары өндіре жазып, поэзия, проза, драматургия, сын, аударма саласында жиырмадан астам кітап шығарып, артына мол әдеби мұра қалдырды. Ақынның эпикалық шығармаларындағы бейнелеу тілінің байлығы, стиль өрнегі, құйылған сөз тасқыны, Илияс Жансүгіровті қазақ халқының сүйікті қаламгерлерінің бірегейі етті. Илияс шығармаларына арқау болған тақырып өрістері де алуан түрлі. Поэзия, проза драма салаларындағы шығармаларына өзі ғұмыр кешкен ортадағы нақтылы өмір көріністерінен бастап, тарихи тақырыпқа дейін арқау болып отырады. Қандай тақырыпқа қалам тербесе де ел қамы, халық тағдыры, ұлтының болмыс қасиеті – оның шығармаларының алтын арқауы.

Поэзияның Құлагері атанған

ардақты ақын, халқымыздың маңдайына біткен біртуар перзентінің туғанына 130 жыл толуына орай аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Илияс оқулары» атты мәнәуір оқу байқауы өтті. Қаламгердің ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы мәнәуірлер жатқа айтуға, поэзияны сүйеге, оны бағалай білуге ынталандыру, жастардың оқу дағдысын жетілдіре отырып, рухани танымын кеңейту мақсатында ұйымдастырылған аудандық байқау кітапханашылардың орындауындағы «Алғыс» әнімен ашылды.

Ардақты ақынның мол мұрасын насихаттаған аталмыш байқау 3 кезеңнен тұрды. «Талаптың мініп тұлпарын...» кезеңінің шартына сай қатысушылар өздерін таныстырса, «Поэзия Құлагері» кезеңінде ақынның бір шығармасын мәнеріне келтіре жатқа айтуы тиіс. Ал «Зерделі ойға зер сал!» кезеңінде қатысушылардың білімі сынға түседі, шартқа сай берілген сұрақтарға жауап берулері қажет. Көрсетілген талапқа сай байқаудың әділ бағасын Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі, қоғам белсендісі Сансызбай Махамбетқұлов, Бауыржан Момышұлы атындағы мектеп-гимназиясының қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Самал Байкеева мен аудандық балалар мен жасөспірімдер кітапханасының меңгерушісі Шолпан Төлепбергенова беріп, Жансүгіров жарысындағы жүйірікті анықтады.

Аудандық «Жастар ресурстық орталығында» өткізілген байқауға 9 үміткер қатысып, білімдері мен біліктерін сынға салды. Әділ қазылардың шешімімен бас жүлде аудандық орталық кітапхананың оқырманы Бақкелді Жаңабекке бұйырды. І орынды Шәкен Ниязбеков ауылдық кітапханасының оқырманы Әдемі Нұркенқызы жеңіп алса, ІІ орынды Бірлесу-Еңбек ауылдық кітапханасының оқырманы Сұлтан Есеналы қанжығасына байлады. Ал жүлделі ІІІ орынды Қаракемер ауылдық кітапханасының оқырманы Аньель Амантай иеленді.

Жеңімпаздар диплом және жүлделі сыйлықтармен, ал қалған үміткерлер мен жетекшілік еткен кітапханашылар Алғыс хат пен ынталандыру сыйлықтарымен марапатталды.

Шайдана ауылының кітапханашысы Гүлмира Байболованың орындауындағы «Жаңа күн», «Атамекен», «Жалын кешкен» әндері шара шырайын ашты. Сонымен қатар орталық кітапхананың кітапханашысы Құралай Асхатаева «Көркем сөздің зергері» атты кітап көрмесіне библиографиялық шолу жасады.

«ШУАҚТЫ ШАҢЫРАҚ» ЖОБАСЫ

Ән сүйер аға буын мен жастар арасындағы сабақтастықты нығайту, ән әлеміне саяхат жасау, сазды әуенге деген сүйіспеншілікті арттыру мақсатында аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен «Шуақты шаңырақ» жобасы аясында «Сазды әуен» караоке зейнеткер оқырмандар арасында өтті.

Ән – көңілдің ажары

Нұрперзент ТУҒАНБАЙ



Әуелі қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы Құралай Асхатаева «Сықырлы әуендер» тақырыбында баяндама жасап, жобаның мақсаты мен міндеті туралы айтты. Ал «Ән – көңілдің ажары» бөлімінде шараға қатысушылар вальс королі Шәмші Қалдаяқовтың әндеріне шолу жасап, «Ақ бантик», «Қайықта»,

«Өмір-өзен», «Арыс жағасында», «Кешікпей келем деп ең», Әсет Бейсеуовтің «Мұнайма», «Әке туралы жыр», Мұхтар Шаханов пен Нұрғиса Тілендиевтің «Күз бол», «Досмұқасан» ансамблінің «Сұлу қыз» және «Аягөз», «Армандастар құрдастар», «Атамекен» әндерін караоке арқылы шырқанды.

Шара соңында «Әсем саз жүректен-жүрекке» атты кітап көрмесі мен «Сағындырған әндер-ай!» атты слайд көпшілік назарына ұсынылды.



ҚАЗАҚ КҮРЕСІ

Халықаралық денсаулық күніне орай және КСРО-ның еңбек сіңірген спорт шебері Серік Қонақбаевтың 65 жасқа толуына орай аудандық орталық кітапхананың ұйымдастыруымен Аса ауылындағы балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде қазақ күресінен жарыс өтті.

ЖАСӨСПІРІМДЕР СЫНҒА ТҮСТІ

Нұрперзент ТУҒАНБАЙ



Шараның басты мақсаты жас жеткіншектердің ұлттық спортқа деген сүйіспеншілігін ояту, бос уақыттың тиімді пайдалану болатын. Додаға 2011-2014 жылдары туылған жасөспірімдер қатысты. Мемлекеттік Әнұранмен басталған шарада қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы А.Құрымбаева Серік Керімбекұлының

өмірбаянымен, спорттағы жетістіктерімен таныстырып өтті.

Аталмыш жарысқа Аса, Ащыбұлақ, Қаракемер, Бірлесу-Еңбек ауылдарының жас спортшылары қатысып, өз салмақ дәрежесінде кім мықтыны анықтады.

Жарыс соңында спорт мектебінің әдіскері Берік Исанов жеңімпаз атанған жеткіншектерді дипломмен және Алғыс хатпен марапаттап, кітапхана атынан сый-сияпаттарды берді.



ЖАРАМСЫЗ ДЕП ТАБЫЛАДЫ

Жамбыл ауданы, Ащыбұлақ ауылы, «Пионер» ӨК (БСН 64124000021) атына тіркелген ГАЗ 52 (м/н Н 045 СС), ЗИЛ 157 (м/н Н 046 СС), ЗИЛ 130 (м/н Н 047 СС), ГАЗ 52 (м/н Н 048 СС) автокөлік құжаттары жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылады.



МЕНШІК ИЕСІ:
«Шұғыла-Радуга» газетінің редакциясы» ЖШС

ДИРЕКТОР
Назгүл ДӘУЛЕТАЛДИНА

Газет ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінде 07.10.2021 жылы қайта тіркелген. Тіркеу күзлігі №КЗ87VPY00041240

Бас редактор:
Нұрасыл ҚУЛТАНБАЕВ

Кабылдау бөлмесі: 2-17-98

Бас редактормен тікелей байланыс: 87766213155

Бас редактордың орынбасары:
Тілшілер:

Мақсат ЖҰМАБАЕВ 87059774177
Жәнібек АСАНОВ 87071126364
Айдана ҚУАТОВА 87071936593
Нұрперзент ТУҒАНБАЙ 87052169618
Ғалия АЛИЕВА 87075853423

Дизайнер:
Бас редактордың орынбасары:
Тілшілер:

2-20-24
2-13-44

Редакция авторлардың көзқарасы, жарнама мазмұны үшін жауап бермейді. Жарияланбаған хатқа жауап қайтарылмайды.

Газет «Шұғыла-Радуга» газеті редакциясында компьютерде теріліп, беттелген. Қалыбы «Қанатты қалам әлемі» ЖШС-інде жасалып, көбейтілді. 080012, Тараз қаласы, Төле би көшесі, 36 Б.

Таралымы 3242 Тапсырыс №226

Нөмірдің кезекшісі: Айдана ҚУАТОВА

Газет аптасына 2 рет, сәрсенбі, жұма күндері шығады. Газета выходит 2 раза в неделю, в среду и в пятницу.

Индекс: 68991

Электронды пошта:
sugyla@bk.ru

Біздің мекенжайымыз:
Индексі 080200, Аса ауылы,
Абай көшесі 78-үй.